

Темір ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қазандағы № 252 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Темір ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Темір ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының:

1) Темір ауданы әкімдігінің "Темір ауданының атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2023 жылғы 16 наурыздағы № 45 қаулысы;

2) Темір ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 16 наурыздағы № 45 "Темір ауданының атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2023 жылғы 24 тамыздағы № 171 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Темір ауданының әкімі

А. Жақсылықов